

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда математика бойынша практикалық - бағдарлау міндеттерінің рөлі

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/75513/>

ШЕБЕРЛІК-СЫНЫП ЖОСПАРЫ:

Тақырыбы: Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда математика бойынша практикалық - бағдарлау міндеттерінің рөлі

Мақсаты: Математика пәнінің мұғалімдеріне Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда математика бойынша практикалық - бағдарлау міндеттерінің рөлі белсенді жолдарын үйрету.

Міндеттері:

ü Жаратылыстану сауаттылығын дамытуға арналған белсенді стратегияларды қолдану;
ü PISA талаптарына сәйкес тапсырма мысалдарын құруды үйрену;
ü Оқушылардың алған білімін өмірде қолдана алу дағдысын, яғни функционалдық сауаттылығын арттыру.
Күтілетін нәтиже:

Сабақ соңында мұғалімдер:

- жаратылыстану сабақтарында сыни ойлау дағдыларын қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүзеге асыру жолдары айқындайды.
- Жаратылыстану сауаттылығын дамытуға арналған белсенді стратегияларды қолдануға үйренеді;
- Математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылықты арттыруда практикалық дағдылары дамиды;
- Оқушылардың алған білімін өмірде қолдана алу дағдысын, яғни функционалдық сауаттылығын арттыру жайлы мағлұмат алады;
- Сабақ барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың маңыздылығы туралы біледі, ой қозғай алады, топпен жұмыс жасайды.

Мақсатты аудитория: қатысушы мұғалімдер

Әдіс-тәсілдері: Диалог. Топтық жұмыс. АКТ. Сыни тұрғыдан ойлау «Досымадоп», «Венн диаграммасы» стратегиялары.

Құрал-жабдықтар: флипчарт, маркер, стикерлер, презентация, интернет ресурстары, постерлар

Шебер сынып барысы:

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдықты қажет ететін жағдайда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің 15 жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан PISA 2015 халықаралық зерттеулеріне қатысты. PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің әрбір кезеңінде халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында оқушылардың халықаралық зерттеулерге қатысуының мақсаттық индикаторлары анықталған. Олар: PISA бойынша — 40-45 орынға қол жеткізу.

Біздің еліміз үшін бұл бағдарламаға қатысу білім берудің бақылау бағалау жүйесін реформалаудың қажеттігін ескертетін бірқатар факторлар, атап айтсақ қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі негізгі себеп болды. Еліміздің PISA — 2015 зерттеулеріне қатысуы, өзін өзі дамытуды максималды түрде іске асыру мен қоғам өміріне орынды қатысуы үшін өздігінен іздену, талдау жасау, құрылымдау ақпараттарды дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді.

«PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының оқу бағдарламасы PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру талаптарына сәйкес жасалған. Мен осы курсты 2015 жылы қаңтар айында өттім. Курстың мен үшін пайдасы мен маңызы зор болды.

Жұмыс кезеңі: Кіріспе бөлім	Кезеңнің мазмұны	Қатысушылардың іс-әрекеті	Уақыты
--------------------------------	------------------	---------------------------	--------

<p>Дайындық- ұйымдастырушылық кезеңнің мақсаты: Сабақ тәжірибесін жүйелі түрде жүзеге асыруды ұйымдастыру. Міндеттері: Қатысушылардың зейінін аудару, аудиторияда қатысушылардың тәжірибесін және жақсы көңіл-күймен жұмыс жасауына ықпал ету. Ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері: ü Мұғалімдер амандасады; ü Көңіл-күйлерін көтеру; ü Ортада жағымды психологиялық ахуал туғызу. ü Топқа бөлу</p> <p>Әдістері: Әңгімелесу, қатысушылардың өзін-өзіне жақын тарту.</p>	<p>1. Сәлемдесу «Досыма доп» — тренингі</p> <p>2. Топқа бөлу үлестірмелі карточкалар арқылы</p> <p>Мастер: Құрметті тыңдаушылар, бүгін мен сәті түсіп сіздермен сыни ойлау дағдыларын қолдану арқылы жаратылыстану сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды қалай жүзеге асыруға болатыны жайлы бөліспекпін. Мен сіздерден барынша белсенді, өз ойларыңызбен бөлісулеріңізді қалаймын!</p>	<p>1. Кімге доп тиеді сол өзін таңыстырады</p> <p>2. 1 топ «Үшбұрыш», 2 топ «Төртбұрыш», 3 топ «Дөңгелек» болып үш топқа бөлінеді</p> <p>Зейіндерін аударарды.</p>	<p>3 мин</p> <p>2 мин</p> <p>1 мин</p>
<p>Негізгі бөлім: Практикалық бөлім Берілген сұрақ бойынша топтық жұмыс. Кезеңнің негізгі мақсаты: Сыни ойлаудың «Қар көшкіні» стратегиясын қолдану дағдысымен таныстыру және берілген сұраққа жауап беру.</p> <p>Міндеттері: Сыни ойлаудың дағдысының ерекшеліктерін ажырата алу, тапсырмаларын оқушыларға қандай мақсатта беру керектігін білуді үйрету. Мақсат: Міндеттер Әдістер: СТО «Досыма доп», «Алтын себет» стратегиясы</p>	<p>Тапсырма-1 Жабық тест Ашық тест Математикалық диктант Сұрақ: 1. Берілген тапсырмалар қалай орындалады? 2. Қандай мақсатта беру керек? 3. Жаратылыстану сауаттылығын дамытуға арналған белсенді стратегияларды қолдануға үйрету;</p>	<p>1) Топ тапсырмамен танысады, оны меңгереді. Дайын тапсырмаларды қалай орындайтыны жайлы ойланады. Өз жауаптарын ұсынады. Диалогқа қатысады, осы тақырып бойынша өздері не білетіндерімен бөліседі. Мұғалімдер келесі топтарға барып, олардағы тапсырма түрімен танысады, қалай орындалатыны жайлы ой бөліседі. Сөйтіп топтардағы адамдар барлық тапсырма түрлері, қалай орындалатыны жайлы біледі.</p>	<p>10 мин</p>
<p>Практикалық бөлім Берілген сұрақ бойынша топтық жұмыс. Кезеңнің негізгі мақсаты: Қолдағы тапсырмалар маңызын анықтау. Әдістері: СТО «Досыма доп» стратегиясын «Венн диаграммасы» әдісі,</p> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-top: 10px;"> <p>пайдаланып тапсырмадағы себептер, факт, аргумент, проблеманы айқындайды.</p> <p>Проблема Себептер Факт Қорытынды</p> </div>	<p>Тапсырма-2 1. Тапсырмалар не үшін керек? Сабақтың қай кезеңінде орындалады? 2. Сен үшін не маңызды болды? 3. Не толғандырды?</p>	<p>1) Топ тапсырмамен танысады, оны меңгереді. Дайын тапсырмаларды қалай орындайтыны жайлы ойланады. Өз жауаптарын ұсынады. Диалогқа қатысады, осы тақырып бойынша өздері не білетіндерімен бөліседі. «Венн диаграммасы» стратегиясын пайдаланып тапсырмадағы себептер, факт, аргумент, проблеманы айқындайды. Проблема Себептер Факт Қорытынды Балықты толтырады. Әр топ сұрақтарға жауап береді. 2) «Алтын себет» арқылы өз-өздерін бағалау;</p>	<p>10 мин</p>
<p>6. Рефлексия</p>	<p>Кері байланыс. «Алтын себет»</p>	<p>Ойларын жазу.</p>	<p>4 мин</p>

Анкета

Аты-жөні Касабекова Рабига Амандосовна

Облыс Алматы

Аудан Қаратал

Қала Үштөбе

Мектеп К.Тоқаев атындағы орта мектеп

Лауазымы математика пәнінің мұғалімі

Тақырып Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда математика бойынша практикалық – бағдарлау міндеттерінің рөлі

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.